

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

808. 24	Пулатов Шерзод Аббозович	Межэтнический диалог и переговорные процессы в полиэтничном Казахстане: институциональные практики и политико-правовые основы	3603
809. 25	Сатвалдиев А.Г.	Қазақстандық этносаясатта «жанубий қозғалыс» газетінің алар орны және түрлі кезеңдердегі мемлекеттік саясаттың оның контентіне әсері	3608
810. 26	Токенов А.С.	Социальный капитал и доверие в казахстанском обществе: к вопросу о влиянии этнической структуры	3613
811. 27	Узарова Л.М.	Особенности коммуникации в сфере этномедиации	3617
812. 28	Урстенова Д.Д.	30 лет АНК: новые возможности народной дипломатии	3622
813. 29	Хмелевский В.А.	Межкультурное многообразие и общая историческая память В республике Казахстан	3627
814. 30	Чжан Цзинкай	«Цветные революции» в эпоху интернета (особенности противостояния в странах СНГ)	3630

**6 – СЕКЦИЯ**  
**ФИЛОЛОГИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**  
**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ФИЛОЛОГИИ**

**6.1 ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ЖАҢА ҮРДІСТЕРІ МЕН ДАМУ БАҒЫТТАРЫ  
НОВЫЕ ТЕНДЕНЦИИ И НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ НАЦИОНАЛЬНОГО  
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЯ**

815.	Абдулла А. К.	Абай мұрасындағы сакралды ұғымдар	3610
816.	Алаудин Н. Ә.	Нәзира Бердалы поэзиясындағы фольклорлық үрдістер	3614
817.	Амантай Н., Қапсихқызы Д.	«Ескендір» поэмасындағы уақыт пен мәңгілік мәселесі: Абайдың философиялық концепциялары	3618
818.	Ахметбекова Т. У.	Б.Майлин мен А.Чехов әңгімелеріндегі сарказм	3622
819.	Байдуллаева Ж.К.	Қазіргі қазақ прозасындағы мистика жанры	3626
820.	Ғалымжанова З. Т.	Мемуарлық романдардағы тәрбие құндылығы	3629
821.	Дәуренбек А. Ж.	Тұрсын Жұртбайдың «Бесіңді түзе!..» еңбегі: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық тағдыры және көркемдік шындық	3632
822.	Ергеш А. М.	Қабдыкәрім Ыдырысов поэзиясындағы интертекст және оның поэтикалық мәні	3638
823.	Еркін А.	«Телқоңыр» және ұлттық болмыс	3641
824.	Жакупова С.С.	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі ескілікті сынау тенденциясы: Ш.Торайғыровтың «Базарбай молдаға» өлеңі	3644
825.	Жақсыбаева Н. Ж.	Білім берудегі жаңа технологияның тиімділігі	3645
826.	Төребаева А.О.	Жүрсін Ерман арнау өлеңдерінің көркемдік ерекшелігі	3650
827.	Тұрсын Қ. А.	Бейсембай Кенжебаев – аудармашы	3656
828.	Сұлтанбек Ә.	Орыс тілді қазақ жастарының сөз сапасы: түйіткілдер мен шешімдер	3659
829.	Қажетерова Ш. С.	Еркін өлеңдердегі көлеңке образы	3664
830.	Қуанышбаева Н.А.	Тайыр Жомартбаев шығармашылығындағы балалар әдебиетінің көркемдік-жанрлық сипаты және алаш кезеңіндегі білім беру ісіне ықпалы	3669
831.	Құлшар Б. М.	Сатирадағы есімдер жүйесі және олардың эстетикалық-семантикалық жүктемесі	3673
832.	Махмутова А. Қ.	Абай Құнанбайұлының қара сөздері және ұлттық әдебиеттанудың жаңа үрдістері: білім және руханият	3676
833.	Молдахан Е. М.	Tiktok, Instagram секілді әлеуметтік желілерді әдеби білім беруде қолдану тәсілдері	3679
834.	Томабаева А. Ғ.	Шәкәрім мен Қожа Хафиздің философиялық үндестігі	3683
835.	Түсіпбек М. К.	Мұхтар Әуезов пен Оноре де Бальзак шығармаларындағы сыншыл реализм	3688

		принциптері туралы	
836.	Сайфуллаева Б. Б.	Орта ғасыр түркі ойшылдарының мұрасы мен Абай шығармаларындағы көркемдік дәстүр сабақтастығы	3692
837.	Шагирова Д. Р.	Көлеңке архетипінің көркем трансформациясы: Достоевскийдің «Сыңар» повесі мен Төлен Әбдіктің «Парасат майданы» негізінде	3696

**6.2 ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

838.	Абденкул Д.С.	Үйлену салт өлеңдеріндегі лингвотанымдық сипат	3700
839.	Абдрахман А.Е.	«Ер Төстік» жырындағы ең басты гендерлік көріністер мен символдар	3704
840.	Амирова А.Б.	Мақал-мәтелдер әлеміндегі билік пен гендер: қазақ және ағылшын паремияларының салыстырмалы талдауы	3708
841.	Анарбекова А.Б.	Оқушылар сөйлеу тіліндегі терминдер қолданысы	3715
842.	Бөгетбаева А.Т.	Жаһанданудың мәдени таптаурындардың қалыптасуына әсері	3719
843.	Дәулетші Д.Р.	Жалпықолданыстағы сөздерді термин ретінде қолдануда жарыспалылық мәселесі (ақпараттық технологиялар саласы бойынша)	3723
844.	Ермекқызы А.	Интернет лексиканың қолданысы	3726
845.	Жаныбекқызы Б.	Ұлттық фильмдердегі тілдік ерекшеліктер және әсерлеуші құралдар (көркемдегіш құралдар)	3730
846.	Жарылхасын Б.Қ.	Мұхтар Мағауин шығармашылығындағы фразеологизмдердің мәні	3733
847.	Қуандықова И.Р.	Кірме сөздер: игерілуі және электронды коммуникация ортасындағы қолданысы	3736
848.	Қайыркен А.О.	Корпустық лингвистика: қазақ тілін оқытудағы инновациялық бағыт	3743
849.	Қанатқызы А.	Зейнолла Шүкіровтың шығармаларындағы кейіпкер тілі мен стилі	3747
850.	Қуаныш Ә.	Methodology for the development of students' emotional competence in the lesson of the kazakh language	3751
851.	Қыдырбай Н.А.	Қазақ тіліндегі жаңа сөздер мен терминдердің пайда болуы және оларды қалыптастыру мәселелері	3755
852.	Мадиярова Д.М.	Жастар тіліне әлеуметтік желінің әсері	3759
853.	Меліс А.Б.	«Жер-Ана» ұғымының мағыналық ерекшеліктері	3762
854.	Муратбаева Ж.К.	Қазіргі қазақ киносындағы тілдік ерекшеліктер (комедия жанры негізінде: “Таптым-ау сені”)	3766

855.	Муратова М.	І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасындағы мінез-құлық метафоралары	3769
856.	Мұхтарова Ф.С.	Қазақ және қырғыз тілдеріндегі тағамға қатысты этнофразеологизмдер	3772
857.	Нугман А.А.	Фразеологизмдердің лингво-мәдени өрісі	3775
858.	Онгарбаева А.О.	Қазақ және өзбек фразеологизмдеріндегі киелі сандардың ортақ белгілері	3777
859.	Оразалина А.А.	К.Оразалиннің тілдік тұлғасын тану мәселесі	3781
860.	Оралбай А.О.	Қазақ тілін әлеуметтік желілерге танымал ету үшін контент стратегиялары	3785
861.	Оспан М.Ж.	Қазақ халқының мақал-мәтелдеріндегі «Бақыт» концептісі	3790
862.	Өркенқызы А.	Постмодернистік мәтіннің байласымы мен тұтасымын барлау	3794
863.	Рзалиева Р.Ж.	Ғаламтордағы тұлғаны тілдік кемсіту: себебі мен салдары	3798
864.	Сәбитқызы Б.	Жанат Әскербекқызының шығармашылығындағы концептуалды метафора	3802
865.	Түйлебаева Қ.Б.	Хаос және контекст	3805
866.	Тұранов Ы.Ә.	Әлихан Бөкейханов шығармаларындағы антропонимдердің психолингвистикалық сипаты	3809
867.	Уәлібек А.А. Беласар І.Қ.	Қазақ фразеологизмдерінің гендерлік аспектісі	3812
868.	Ұланова Е.Д.	Т.Әбдікәкімовтің «Ажал даласындағы тас» өлеңіндегі сөздердің қолданылуының математикалық жиілігі	3816
869.	Халмурат Е.С.	Mangurtism – future tragedy	3819
870.	Шиктыбаева А.	Жасанды интеллект арқылы өтірік өлеңдер құрастыру	3821

### **6.3 ОРЫС ТІЛІ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ РУССКИЙ ЯЗЫК И МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ**

871.	Абдикадырова А.М., Аманджол А.Е., Беккалиқызы А.	Слово <i>хайп</i> и его производные	3825
872.	Амангелді А.Ж.	Слова-паразиты в речи современной молодежи	3828
873.	Аманшаева И.С., Мәлікова А.Н.	Слово прикол и его производные в молодежном сленге (на материале НКРЯ)	3832
874.	Дудко В.Н.	Языковые средства как механизм воздействия	3836
875.	Елубаева К.К.	Устойчивое выражение "24/7" в современной речи: аспекты значения	3841
876.	Жарлықасым Ж.К.	Синтаксические модели новостных заголовков в интернет-СМИ Казахстана	3844

877.	Жумабаева А.Б.	Лексикографический анализ лексемы «упрямство» в русском и казахском языках	3850
878.	Кеңес Н.С.	Жизненное кредо молодёжи Казахстана: лингвоаксиологический аспект	3853
879.	Қалихан А.А.	Специфика молодежной инвективной лексики (на материале соцсетей Tik Tok, Telegram)	3856
880.	Мазуркина У.А.	Фонетическая интерференция при обучении русскому языку как иностранному китайских студентов	3859
881.	МаксUTOва Д.Г.	Научная VS народная этимология объектов Астаны (по материалам уличных интервью инстагида Мити Байназарова)	3862
882.	Серикова Д.М.	Специфика обучения аудированию в 9 классе	3865

**6.4 ОРЫС ӘДЕБИЕТІ: КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖӘНЕ ТҮСІНДІРУ  
РУССКАЯ ЛИТЕРАТУРА: АНАЛИЗ И ИНТЕРПРЕТАЦИЯ  
ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА**

883.	Абдрахманова Э.	Bakhyt Kairbekov: the problems of creativity	3869
884.	Ерболат Д.	Фольклор как мотивообразующий элемент в повести З. Наурызбай и Л. Калаус «Приключения Бату и его друзей»	3870
885.	Ибраимова С.	Мотив самопожертвования в прозе Л. Улицкой	3874
886.	Кенжетай Б.	Фольклорные образы и мотивы в цикле «Кудыкины горы» Н. Черновой	3876
887.	Курмангалиева Г.	Метафора «необретенный рай» в романе Бахыта Кенжеева «Младший брат»	3879
888.	Мухамадиева К.	Особенности реализации категории «автора» и «скриптора» в романе Т. Толстой «Кысь»	3881
889.	Надирхан В.	Быт и нравы русского помещного дворянства в изображении Н.И. Новикова, Д.И. Фонвизина, А.Н. Радищева	3884
890.	Онгар А.	Символика круга в романе «Круг пепла» Д. Накипова	3888
891.	Оразалина А.	Литературное наследие Рымгали Нургали: социальные и философские аспекты в произведениях писателя	3891
892.	Өсербайұлы С.	Қазақ романының қалыптасу кезеңдері және дамуы	3893
893.	Сарсенбай М.	Концепция детства в литературе: культурный и философский контексты	3897
894.	Сералимова С.	Исторический контекст и культурные традиции в творчестве тюркоязычных писателей	3900
895.	Тахауикызы Ж.	Тема Древнего Новгорода в исторических и художественных произведениях Н.М. Карамзина	3903
896.	Турабекова И.	Образ современной российской женщины в произведениях Дарьи Донцовой	3907

897.	Цындра А.	Фольклорно-мифологический контекст образа ведьмы в повести Н.В. Гоголя «Майская ночь, или Утопленница»	3912
------	-----------	--	------

## 6.5 АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ

898.	Айтбаева А.М.	Особенности аудиовизуального перевода на примере фильма «Inception»	3918
899.	Акимбекова К.Ж.	Прагматический аспект перевода рассказов Оскара Уайльда	3920
900.	Алпамыс Т.М.	Intercultural Features of Modality Expression in English and Kazakh: Translation Challenges	3922
901.	Амангелдиева А.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мақал-мәтелдегі кейбір соматизмдер аудармасы	3926
902.	Әбдірахман А.Қ.	Аудиовизуалды аудармада реалияларды беру ерекшеліктері	3928
903.	Бектлеуова А.С.	Тіл және әдеп: ұлттық ерекшеліктер мен аудармадағы ұстанымдар	3931
904.	Бультенова Д.Т.	Culinaryonyms as culturally marked lexis: issues of equivalence in translation from Kazakh into English	3933
905.	Дулатова А.А., Кадырова Р.Р.	Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер мен мақал мәтелдердің ұқсастықтары мен айырмашылығы	3937
906.	Елибаева А.Т.	Лингвокультурные трансформации в аудиовизуальном переводе: анализ русской локализации фильма «Веном»	3941
907.	Жексемби Д.Д.	Аудармада қолданылатын цифрлық технологиялардың жетістіктері	3945
908.	Каткенова З.Д.	Childbirth celebration in Kazakh and English cultures	3950
909.	Қыдырбай Г.З.	Орта мектептерде ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті әдістерді қолдану	3953
910.	Матыгулова А.Н.	Translation of documentary novels	3956
911.	Нығметулла К.Б.	Көркем әдебиет стилінің аудармасы: жасанды интеллект, машиналық аударма мен адам аудармасының салыстырмалы талдауы (Эрнест Хемингуэйдің «Килиманджаро – қарлы тау» әңгімесінің негізінде)	3959
912.	Райнбекова А.К.	«Жеті» санының ағылшын, орыс және қазақ тілдеріндегі фразеологиялық бірліктер мен аудармадағы көрінісі	3962
913.	Сейткенов К.Б.	Көркем мәтін тілі прагматикасын жеткізуде тіркесті бірліктердің аударылу ерекшеліктері	3966
914.	Сүндетова А.Н.	«Жаңбыр» концептісінің тілдік-танымдық сипаты және тіларалық берілуі (Э.Хемингуэйдің «Қош бол, майдан!» романы негізінде)	3972
915.	Утеулиева А.А.	Lexical-semantic types of non-verbal means and their translation	3978

**6.6 ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ИНОСТРАННОЙ ФИЛОЛОГИИ**

916.	Айдарбекқызы М. Ермекқызы А.	Тілдердің жойылу қауіпі және қайта жаңғырту мүмкіндіктері	3983
917.	Асатова К.Т.	Semantic and Pragmatic Aspects of Anglicisms in Modern Kazakh	3986
918.	Аслялиева А.Ж.	Frequency and Functional-Semantic Analysis of Color-Denoting Adjectives in George Orwell's "Animal Farm"	3990
919.	Ахметбек Д.А.	Axiological characteristics of the biography of a virtual character	3996
920.	Байсұлтан А. Н.	Ағылшын көркем әдебиетіндегі бейвербалды қарым-қатынастың рөлі	3999
921.	Донбаева А. А.	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	4003
922.	Жунусова А. К.	Ағылшын әдебиетіндегі «адамның оң мінезі» лексика-семантикалық өрісінің құрылымы	4008
923.	Кенесбаев А. С.	The language game in modern internet communication	4013
924.	Кенжебай А.Т.	Сравнение языка рекламы в английском и казахском языках	4015
925.	Сабилова Ж.Б.	Репрезентация концепта "семья" в англо-, казахоязычных публицистических дискурсах начала XXI века	4018
926.	Сериккалиева А. Ж.	Образность публицистического дискурса в новогодних речах: сравнительный анализ выступлений президента Казахстана и короля Великобритании	4020
927.	Тлемисова Ж. М.	Semantic analysis of the linguistic changes driven by generation Z's neologisms	4023
928.	Турсынбетова А. Н.	Балалар тіліндегі инновациялар мен олардың сөзжасамдық ерекшеліктері	4027
929.	Ундимисова А.Ж.	Английские пословицы и поговорки: их значение, употребление и русские эквиваленты	4030
930.	Хасенов И. Танабаев Т.	A brief overview of the origins and formation of the basic terms of electricity in English and Kazakh languages	4031
931.	Шандер Д.	The English language acquisition: why are you still unable to speak it?	4034

**6.7 ҚЫТАЙ ФИЛОЛОГИЯСЫ МЕН ЛЕКСИКОЛОГИЯСЫ: ЖАҢА  
БАҒЫТТАР МЕН ӘДІСНАМАЛАР  
КИТАЙСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ И ЛЕКСИКОЛОГИЯ: НОВЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ  
И МЕТОДОЛОГИИ**

932.	Абдуллина А.Р.	Тіл мен мәдениеттің өзара байланысы және аудармадағы рөлі	4039
933.	Абдуразакова М. Д.	Ресми іс-қағаздардағы тұрақты тіркестер мен клишелердің аудару тәсілдері (қытай және	4043

		қазақ тілдерінің іскерлік құжаттары негізінде)	
934.	Асқар Н.	Лю Цысиннің “Үш Ғалам” ( 三体 ) ғылыми-фантастикалық роман трилогиясының стилистикалық ерекшеліктері	4046
935.	Дюсупжанова Ж.М.	Қытай фильмдерін қазақ тіліне аударудың ең танымал түрлері мен кең таралған әдістері	4049
936.	Кабышева А.Д.	Медициналық терминдерді қытай тілінен қазақ тіліне аудару мәселелері	4054
937.	Күшәнбек М.	Бақ-тағы қытай фразеологизмдерінің қазақ тіліне аударылу ерекшеліктері	4060
938.	Қалекенова Ж.Қ.	Мәдени революция кезеңіндегі әдебиеттің даму көрінісі	4065
939.	Майбас Ә.Т.	Қытай тілін шет тілі ретінде оқытудың бастауыш сатысындағы құрмалас сөйлемдердегі жалғаулықтардың оқыту мәселесі	4068
940.	Мамедова Р.В.	Сравнительный анализ китайских и казахских пословиц и фразеологизмов	4071
941.	Маметова А.М.	Медицина саласындағы кәсіби мәтіндерге лингвистикалық талдау	4076
942.	Мылтықбай Ж.А.	Қытай ауызекі сөйлеу стилінің қолдану аясы	4080
943.	Намазова Ж.Т.	Жасанды интеллект негізіндегі қытай тілін оқу: мүмкіндіктер мен шектеулер	4085
944.	Нұрлан Е.	Цянь Чжуншудың “Қоршалған қамал” романының көркемдік ерекшеліктері мен кейіпкерлер образы	4088
945.	Нұртай А.	«Өмір мен өлім мені қажытады» романында реинкарнация арқылы әлеуметтік жіктелуді бейнелеу	4093
946.	Сейлова А.А.	Влияние политической и культурной ситуации в Китае в период Тан на литературу	4097

**МАЗМҰНЫ  
СОДЕРЖАНИЕ  
CONTENTS**

**СЕКЦИЯ 7. ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР  
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ  
ECONOMIC SCIENCES**

**Подсекция 7.1 ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ  
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІ**

**ОТКРЫТОСТЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ И ЕЕ ЭКОНОМИЧЕСКАЯ  
БЕЗОПАСНОСТЬ**

**OPENNESS OF THE NATIONAL ECONOMY AND ITS ECONOMIC SECURITY**

947.	Асылбаева Ж.Е.	Цифровизация в жилищном строительстве: преимущества и перспективы	4100
948.	Аудан Д.Т.	Өнеркәсіп кәсіпорының тұрақты дамуының	4103

еркіндігін сезіне алмайды. Осы сәтте бала табиғаттың шынайы қатыгездігін түсінеді: адам мен жыртқыштың арасында ешқашан бейбітшілік болмайды, тіршілік – тек күрес. Бұл жерде автор баланың сезімін шебер жеткізіп отыр. Ол ашуын білдірмейді, айқайламайды, бірақ іштей қатты ренжиді. Үнсіз өкпе – шынайы эмоцияның күші. Осы арқылы оқырман да кейіпкермен бірге сол көңіл-күйді сезініп, өз ішінде қасқырға жанашырлық танытады.

Жазушы шығармасында фразеологиялық тұтастықта кездеседі. Фразеологиялық тұтастық – құрамындағы сөздердің бастапқы мағынасы толық өзгеріске ұшыраған, тұтас алғанда бір ғана мағынаны білдіретін тұрақты тіркестер. Мұндай фразеологизмдер бейнелілікке ие болып, жеке сөздерге бөлшектеуге келмейді, өйткені олардың мағынасы біртұтас.

Мысалы, *"Бар шаруасы біткен. Соны да сез деп!"*[5,96]сөйлеміндегі **"шаруасы біткен" тіркесі**, тұтас мағынада қолданылатын тұрақты сөз тіркесі. Ол адамның немесе кез келген тірі жанның өмірі мен қызметінің аяқталғанын, жағдайының түбегейлі өзгергенін білдіреді. Тура мағынасында – өмірден өткен, қайтыс болған дегенді білдірсе, кейбір контексте істің, әрекеттің, тіпті бір дәуірдің аяқталғанын көрсетуі мүмкін. Берілген мәтінде бұл тіркес аш қасқырдың тағдырының шешілгенін, оның енді өмір сүре алмайтынын сипаттау үшін қолданылған. Мәтіннің мағынасына тереңірек үңілсек, автор тек қасқырдың емес, қазақтың тарихи тағдыры туралы ой қозғайды. Қасқырдың терісін сыпырып, оның рухынан ажырату арқылы қазақ халқының да рухани құндылықтарын жоғалтып, әлсіреуін астарлап жеткізіп отыр. Автор оқырманға қасқырдың мүшкіл халін көрсете отырып, оның тағдырын тек физикалық тұрғыдан емес, рухани тұрғыдан да ойлануға итермелейді.

Мұхтар Мағауин шығармаларындағы фразеологизмдер тек көркемдік құрал ғана емес, ұлттық дүниетанымның, тарихи сананың көрінісі болып табылады. Жазушы тұрақты тіркестерді шебер қолдану арқылы кейіпкерлердің мінез-құлқын, сезімін дәл жеткізіп қана қоймай, мәтіннің философиялық мәнін тереңдете түседі. Автор оқырманды осы шындықты қабылдауға шақырып, табиғаттың немесе уақыттың алдында әлсіздік танытуға болмайтынын меңзейді. Бұл – қазақ әдебиетіндегі фразеологизмдердің тек тілдік емес, терең мағыналық жүк көтеретінін көрсететін мысал.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: Арыс, 2007. – 797 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: Өлке, 2010. – 556 б.
3. Мамаева М.Қ. Сөз тіркесі құрылымындағы фразеологизмдер. – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 148 б.
4. Әңгімелер-Мұхтар Мағауин, «Алтын тіс» әңгімесі. <https://magauin.com/angimeler-view>
5. Әңгімелер-Мұхтар Мағауин, «Қасқыр-Бөрі» әңгімесі. <https://magauin.com/angimeler-view>

ӘОЖ 8.81-11

### КІРМЕ СӨЗДЕР: ИГЕРІЛУІ ЖӘНЕ ЭЛЕКТРОНДЫ КОММУНИКАЦИЯ ОРТАСЫНДАҒЫ ҚОЛДАНЫСЫ

Куандыкова Индира Рустамовна

[indirakuandykova60@gmail.com](mailto:indirakuandykova60@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің студенті, Астана, Қазақстан

6B01717 - Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау мамандығы

Ғылыми жетекшісі – Н. Аитова

Қазіргі заманда әлем дамыған электронды коммуникация желісіне ие, онда ақпараттық-телекоммуникалық инфрақұрылым негізгі рөл атқарады. Интернет желісі, өзара байланыстардың даму дәрежесі, ақпарат беру жылдамдығы, сондай-ақ ІТ-технологияларды қолданбалы пайдалануды кеңейту және жыл сайын халық сұранысының өсу жағдайлары орын алған кезде Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет көрсетудің электрондық жүйесіне көшуге мәжбүр болды. Нәтижесінде ақпараттық қоғам құру мақсатында пандемияның ауыр кезеңінде өмір өзгерді, атап айтқанда, жалпы қоғам және адамдар арасындағы коммуникация бірқатар өзгеріске ұшырады. Енгізілген шектеулер іскерлік және академиялық қарым-қатынас сияқты жағдайларға тоқтау қойылды (көптеген компания қызметкерлері қашықтан жұмыс істеуге көшті, студенттер қашықтықтан оқиды, конференциялар және тренингтер онлайн-форматта өткізіледі және т.б.).

Қазіргі уақытта осы бір өзекті мәселеге қатысты қазақ тілінің сыртқы коммуникативтік жағдайлардың әсерінен қалай өзгергенін көруге болады. Қазіргі қазақ тіліне кірме сөздердің ықпалы, тілдегі сыртқы өзгерістер мен жағдайлар арасындағы байланыс ғалымдарды үнемі толғандырып келеді. Оған қоса, қарапайым өмірде адамдарға өзара қарым-қатынас жасауда да қашықтықтан байланыс жасауға тура келді. Осыған байланысты мынадай сұрақтар туындады: бұл жағдайда тілді пайдалану қалай өзгеруде? Қандай тілдік құралдар онлайн қарым-қатынаста барынша тиімді әрі ұтымды келеді?

Қойылған сауалдарға тоқталатын болсақ, онжылдықтар ішінде көптеген қазақ, орыс ғалымдары интернет желісіндегі қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеуде. Негізгі назар - сленг, англицизмдер, неологизмдер. Кейінгі кездері қазақша тілдесімдегі эмоционалды тұрғыдан бояуы қанық сөздер (эмотивті лексика), сондай-ақ ғаламторлық қатынас психологиясына қатысты сөздер, техникалық кірме сөздер де кеңінен қарастырыла бастады.

Тілдік материалдардан байқағанымыз – 1938 жылға дейін кірме сөздер қазақ тілінің заңдылықтарына толықтай бағындырылды. 1929-1938 жылдар аралығында кірме сөздердің дыбыстық құрамы мен тұлғасы өзгеріп, сындырып («қазақшалап») жазу үрдісіне бағынды. А.Байтұрсынұлы бастаған зиялылардың кірме сөздерді енгізудегі алға қойған басты мақсаты – қазақ тілінде жат сөздерді сындырып игеріп, ұлттық жазуға көшу идеясын насихаттау, сауаттылық деңгейін, баспа өнімділігін арттыру. Сол мақсатқа сәйкес Ахмет Байтұрсынұлының шет тілін, кірме сөздерді алуда ұстанған үш принципі болды. Ең әуелі, тіліміздің лексикалық қорын пайдалана отырып сөздерді алу, одан табылмаса, түркі халықтарының сөздерін алу, оны тілдік заңдылықтарымызға сай игеру. Соның ішіндегі игеру мәселесі күні бүгінге дейін көптеген ғылыми жұмыстарда жазылып, ғалымдардың назарында жүр [1, 63].

Қазақ тілінде игерілген сөздер араб, парсы және орыс тілі арқылы енген. Кейіннен жазу, кирилл әліпбиі енгеннен кейін кірме сөздер орыс тілінің заңдылықтарына сай игеріліп барып, тілімізге кіре бастады. Профессор Р. Сыздық «кірме сөздер мен бөгде тілдік сөздердің, әсіресе интернационалдық қордан келген ғылыми-танымдық терминдердің жазылуы, кириллица жазуындағы емлесінен өзгеше болады, олардың «орысша» орфограммасы мүлтіксіз сақталмайды. Бірақ фонетикалық-графикалық тұлғасын (бітімін) мүлде өзгертіп, қазақтың сөйлеу тіліндегі айтылуынша «қазақыландырылып» та жазылмайтын ереже баптары болады» деп көрсетеді [2]. Қазіргі кезде емле ережелерін кодификациялау барысында осы проблема - ең үлкен әрі айтыстарға негіз болып отырған басты проблемалардың бірі. Бір топ ғалым шеттілдік сөздер айтылым заңдылықтарына негізделіп жазылу керек десе, екінші бір тобы кириләліпбилі жазу бойынша қалуды жөн деп санайды.

Р. Сыздық өзінің зерттеуінде шеттілдік сөздер дәстүрлі нормамен жазылу керек дей отырып «шеттілдік сөздердегі е, и дыбыстарын әзербайжан тіліне икемдеуде е-ні – і әрпіне, и-ді – і-ге алмастырады», - деп көрсетеді. Мысалы: *министр – minister, печенье – picine*. Ал естілген барлық жерде ы мен і әрпін жазбайды. Мысалы: *пластик – plastik, шпирон – şpion, шплинт – şplint, шпон*

– *şpon, шпонка – şponka, lump – litr, хлор – xlor, дендрит – dendrit, дендролук – dendroliq, дендрометр – dendrometr* түрінде жазылады.

Жаңа емлені екшеу барысында шеттілдік сөздерді қазақ тілінің заңдылығына бағындыру не кирилдегі базалық норманы сақтап жазу мәселесі пікірталастарға негіз болып отырған ең негізгі мәселе. Р. Сыздық «Бөгде тілдік (араб, парсы, орыс) сөздерде қазақ тілінің үндестік заңдары сақталмайды, яғни жуан-жіңішке болып келетін аралас буынды сөздердің орфограммасы орын алады. Сингармонизм заңдылықтары кейбір біріккен сөз, қос сөз сияқты қазақ сөздерінде де сақталмайды. Мысалы, бүгін де кириллицамен *көгал, келсап, бесатар, баспасөз, Гүлиат, Ерболат* түрінде аралас буынды жазылып жүрген сөздер латын әріптерімен осылайша үндестік гармониясы жоқ аралас буынды болып жазылатын болады» деп көрсетеді. Айта кетерлік жайт, Р. Сыздықтың «бөгде тіл» деп отырғаны - шеттілдік сөздер. Ғалымның бұл пікіріне толық қосыла отырып, үндесім табиғаты төл сөздермен байланысты деп айтқымыз келеді. Олардың пайдаланылуын жалпы тіл, сондай-ақ онлайн оқыту сапасын арттыру сияқты таза практикалық міндеттерді шешу үшін, зерттеу дамудың жоғары өсуіне, не құлдырауына қатысты пайымдауларды қажет етеді.

Зерттеушілердің топшылауынша, ғылымда терминжасамның басты-басты (ең негізгі) деген үш тәсілінің жігі айқындала түскен тәрізді. Оның біріншісі бойынша терминжасам процесінде туынды сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер және сөзтіркестері іске тартылады. Сонымен бірге жалпы халықтық тіл элементтері де қолданылып жатуы мүмкін.

Яғни тілдің өз сөз байлығын сарқа пайдалану принципіне қатысты тәсіл. Екінші тәсілдің мәнісі мынада. Тілде бұрыннан бар термин сөздердің негізінде, немесе оның мағынасы мен тұлғасын аздап өзгертіп барып жаңа термин жасау. Мысалы: *оқу — оқулық — оқу құралы*; немесе кейбір синонимдес сөздердің мағыналық жігін таратып жаңа өріс беруге болады: *ілім — білім — ғылым* т.т. Үшінші тәсіл бойынша өзге тілдердегі дайын терминдерді қабылдап алу. Бір кезде қазақ тілінде қаптап қатар түзеген коммунизм, социализм, марксизм, совет, коммунист, лектор, журналист, юрист т.т. осыған дәлел. Осы соңғы тәсіл жайына біраз тоқтала түсу қажет. Негізгі сөздік қорымызға жатпайтын бөгде сөздер жоғарыда сөз болғанындай қазақ тілінде әрқилы аталып жүр. Шет тіл сөздері, бөгде сөздер, интернационалдық терминдер, кірме сөздер, кірмелер т.т.

Жалпы біз тілімізге ешқандай өзгеріссіз енген сөздерді де, тұлғалық өзгерістерге душар боп, төл байлығымыздың қатарынан орын алған сөздерді де кірме сөздер ретінде қарастырып жүрміз. Әйтсе де кірме сөздер табиғатын тарихи кезеңдерге бөліп жіктеп, жүйелеп қарау керек сияқты. Мәселен, бұлардың тіліміздегі өрісін саралай отырып біз формалды түрде мынадай үш түрлі ыңғайды байқаймыз. Біріншінің қатарына тілімізге бағзы бір замандарда еніп қолданыла келе әбден сіңіп, бөтендігі байқалмай мүлде өздік болып үлгерген сөздерді жатқызуға болады. Мәселен: *мәдениет, қағида, ғылым, білім, ғалым, мұғалім, мектеп, медресе тәрізді арабы сөздер мен сот, жәшік, бәтіңке, болыс, бөкебай, бөтелке, әптек* тәрізді орыс сөздері әу бастағы өзгелік ерекшелігін сыпырып тастап, қазақ тілінің заңдылығына сәйкес икемделіп, төл байлығымызды молайтқан қазына. Екіншіге сыртқы пішінін өзгертпегенімен жиі қолданылу нәтижесінде сол қалпында-ақ негізгі сөз байлығымыздан жатырқамай орын ала бастаған *аспирант, студент, академик, пойыз, станса, журналист, корреспондент, машина, автомашина, солдат, лейтенант, офицер, касса, кассир, экономика, трамвай, троллейбус* тәрізді сөздерді жатқызуға болады. Ал үшінші лекті таза шет тіл сөздері құрайды. Бұлар көбінесе мамандар аузында, аз ғана топтың қолданысында жүрген сөздер. Бұл жерде әңгіме тілге тиек етіліп отырған терминдердің ертелі-кеш енуі ғана емес, олардың қолданыс аясы мен өрісінің де шеңбері есепте болуы тиіс. Мұндай саралаудың бәрі әрине шартты. Дегенмен мұндай зерттеуде жүйелілік бола қоймайды.

Заман ағымына байланысты тіл өзгерген сайын қоғамның тікелей шынайы қарым-қатынасқа деген көзқарасы да өзгерді. Жақында ғана бұл біздің өміріміздің «табиғи күнделікті бөлігі» ретінде де, «бәріне түсінікті, кәдімгі зат» ретінде де қабылданып жүрді. Карантин және өзге де шектеулер шарттарында бұл мәселелер «*face-to-face*» қарым-қатынастары, құнды өзара әрекеттесу жанама желілік байланысумен алмастырылды. Әсіресе, бұл құбылыс мессенджерлер мен әлеуметтік желілердегі, тіпті сенімді жұмыс жасайтын азаматтардың желіде өзін сенімді сезінетіні байқалды, одан алдыңғы бірінші кезекті жастар мен жасөспірімдер иеленді. Бұған себеп: жастардың өзге тілден енген кірме сөздерді қолданудағы барынша бейімділігі, икемділігі, тез қабылдауы арқылы тұжырым жасауға болады. Сонымен қатар, өзге тілдегі сөздерді қазақ тіліне балау арқылы аудару, түрлендіру жұмыстары ана тілдің сөздік қорын байытуға барынша қызығушылықты көрсетеді.

Бұл ретте табысты коммуникация үшін өзге тілдің жеке тілдік мүмкіндіктерін де пайдаланған абзал деген болжамға келеміз. Бұдан бұрын мынадай әңгіме болып отыр: қажетті экспрессивтілікті, қажетті лексика құралдарын барынша мұқият қолдану керек. Шын мәнінде, ғаламтордағы жазбаша қатынасқа қатысушылардың көбісі (әлеуметтік желілер, форумдар мен блогтар) атап өткендей, әсіресе, бейтаныс адамдар оларды жиі түсінеді - бұл дұрыс емес, себебі «экрандағы әріптері» жоқ үндестікті, өкінішті, қайғыны, жігерлендіруді жеткізгісі келеді. Бұл жағдайларда ирония кейде түсініксіз болуы мүмкін және ол сөзбе-сөз және тиісінше қабылданбайды, ал кейбіреулері өрескел немесе ауызекі сөздерді қорлау, келеке ету, кемсіту есебінде қабылдануы мүмкін. Ішінара орын алады, бірақ әрдайым бола бермейді.

Мәселен, сабақ өткізу кезінде студенттермен онлайн (ілеспе) кездесу белгіленді дейік, мұғалімнің экспрессивті лексиканы таңдауы, кірме сөздерді қолдануы, сөйлеу барысында стилистикалық фигураларды, сөздерді тыңдаушылардың назарын аударуға және кері байланыс, реакциялар жасалмай жатады. Мысалы, көзбен шолу арқылы мазмұнды немесе үзінділерді интонациялық бөлектеу сөз тіркесін қолдану арқылы тез әрі ұтымды жасауға болады. Ал синтаксистік құрылымдар мүмкіндігінше қарапайым және қысқа пайдаланған дұрыс, байланыс үзілгенде/нашар естілгенде тыңдаушылар сөздің мағынасын жоғалтпас үшін сөзді қайталауға болады. Себебі, тым ұзақ сөйлесулер мен көптеген қосалқы және қатысы жоқ айналымдар, кіріспе сөздер қабылдауға қиындық соқтырады, оның ішінде смартфон экранын оқу өте ыңғайсыз келеді. Бейне және аудиобайланыс арқылы қарым-қатынас жасағанда іскерлік және академиялық ортада тілдің бәрін одан да шебер меңгеру қажет тікелей қарым-қатынасқа қарағанда байыппен сөйлеген дұрыс. Атап өткен жағдайлар электронды коммуникацияда орын алмас үшін кірме сөздерді тиісінше орнымен қолданған абзал.

Кірме сөздердің ену себептері: сол сөздермен бірге келетін жаңа ұғымдардың атауы (*блокбастер, джип, сайт* т.б.), тілдегі сөз тіркесін қысқарту мақсатында оны бір сөзбен алмастыру (портативті компьютер — *ноутбук*), кейбір ұғымдарды нақтылау (*мотель* — автотуристер үшін қонақ үй), олардың коммуникативтік өзектілігі (*веб-сайт, провайдер, дефолт*). Сонымен қатар кірме сөздердің пайда болуына ықпал ететін жағдайлар: тілдік қатынастардан пайда болатын шет тілдік сөздерді қазіргі замандық сөз деп қабылдау.

Қазіргі кезде кірме сөздердің өте жылдамдықпен енуіне байланысты оларды сөздіктерден табу мүмкін емес, сондықтан мысалы *пресс-релиз (бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлеріне басқару органдары беретін арнайы бюллетень)* сияқты шетелдік сөздерді оқырмандар БАҚ құралдарында кездестіргенде шарасыздық танытады.

Кірме сөздердің келуі олардың аудармасын табудан басталады. Кірме сөздердің осы аталған келу жолдарының аударма жолдарынан айырмашылығы аудармада сөздік қор көбеймейді, ал кірме сөздерде тілде жаңа сөздік бірліктер пайда болады. Шетелдік атауларды аударуда көбінесе транс- крипция, калькалау және түсіндірме аударма қолданылады.

Кірме сөздер, егер лексикалық жүйеде оған алдын ала жағдай жасалса, жеңіл бекіп қалыптасады. Шетелдік лексиканың кіруі ежелгі сөздің полисемиясын жоюға әкелетін тенденцияның нәтижесінде пайда болуы мүмкін. Көбінесе кірме сөздерге себеп болатын соған сәйкес ұғымды нақтылау және тәптіштеу, әр түрлі сөздерге бекітіп кейбір мағыналық ерекшелігін шектеу (*репортаж — негізінде әңгіме, хобби — әуестену, қызығушылық*). Осылай тілде бар сөз бен кірме сөз өзінің семантикалық саласын бөліседі және бұл салалар қиылысуы мүмкін болғанмен, толық сәйкес келмейді.

Кірме сөздерді жеңілдететін фактор тілде қабылданған лексикалық бірлікпен типтес құрылымы жағынан бірдей сөздердің пайда болу тенденциясының қызметі. Мысалы, XX ғасырда басқа тілдерден енген кино, авто, такси, метро сөздері [3, 35].

Шетелдік сөздің тілге кіру себептерін қарастыра отырып, мынадай заңдылықты айта кету керек: ортақ мағынасы мен қайталануына негіздеп, бірнеше лексикалық қатарға біріктіруге болатын кірме сөздер бекітілсе және олар осы қатардың сөздерімен типтес болса, олардың қолданылуы біршама жеңілдейді. Мысалы, -мен деген ортақ элементі бар сөздер: джентльмен, спортсмен, конгрессмен және т.б. Бұл қатар осы типтес сөздермен бірте-бірте толығы бастады: бизнесмен, бармен, супермен.

Кірме сөздер тілге ауызша және жазбаша жолмен де енеді. Ауызша жолмен енген сөздер тілге тез сіңіп кетеді де, жазбашалары өзінің фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтап қалады [4]. Тілге кірме сөздердің келуінің негізгі жолдары: *транскрипция, транслитерация, калькалау және семантикалық кірмелер*. *Транскрипция* — шетелдік сөздердің өз дыбыстық формасын сақтап қалуы. Мысалы: *image, summit, trailer, briefing және т.б.*

Қазіргі кезде, өзіміз көріп отырғандай, кірме сөздердің шетелдік сөздерден айырмашылығын көрсететін қалыптасқан ұғым жоқ. Сөздікке тіркелген барлық шетелдік сөздерді кірме сөздер деп есептеу ұсынылады. Бірақ бір сөздің әр түрлі сөздіктерде берілуінде айырмашылықтар болуын ескерсек, бұл мәселенің шешімі емес екендігі көрінеді.

Кірме сөздерді анықтаудағы критерийлердің әр түрлі — диахрониялық немесе синхрониялық болуы қиындық тудырады. Сөзді меңгеру — диахрониялық мәселе, себебі меңгеру уақытпен өтеді; кірме сөздердің шетелдік сөздерден айырмасы этимологиялық тарихи аспектілермен де байланысты. Екіншіден, бір синхрондық кесіндідегі тілдегі шетелдік лексиканың жиілігі, оның бір тематикалық немесе семантикалық саладағы сөздермен лексикалық-семантикалық қатынасы мәселесін қарастырғанда сөздердің тарихына, оның тілге ену жолына, олардың хронологизациясына үңілудің қажеттігі болмайды.

Кірме сөздер қай тілдің болмасын, лексикалық және семантикалық ерекшеліктеріне өзгеріс енгізбей қоймайды. Әсіресе, жаһандану заманында тілімізге еніп жатқан жаңа тағам атаулары ұлттық санаға да әсерін тигізуде. Мәселен, қазіргі кезде үйде әзірленетін қазақ тағамдарына қарағанда көшеде жасалатын итальяндық пиццаны жеуге ынталанып тұратындар баршылық. Сол сияқты түріктің донері мен кавказдың кәуабы да үлкен сұранысқа ие.

Шет тілдерінен енген сөздердің бәрінің бірдей мағыналарында жаңа ақпараттар болады екен деген біржақты түйін жасауға болмайды. Мәселен, тіліміздегі «шешек» сөзін арабтың «гүл» сөзі алмастрып, «әке», «көке» сөздерінің орнына «папа», ал «шеше», «апа» сөздерінің орнына «мама» сөзін қолданғанымызбен шет тілдерінің сөздері бізге жаңа ақпарат әкелген жоқ. Тек тілімізде бұрыннан бар ұғымдарды басқа тілдердің сөздерімен атайтын болдық.

Сонымен кірме сөздер де тіліміздегі төл сөздеріміз сынды ақпарат сөзі болып саналады. Олардың мағынасы арқылы бірілетін мәліметтер кірме сөздер тілге енген бастапқы кезеңдерде ғана жаңа ақпаратқа тән сипатын сақтай алады. Егер кірме сөздер жалпы қолданыстағы сөздер қатарына енсе, онда олардың мағынасындағы ақпараттардың да көпшілікке тез тарап, бұқаралық сипат алып кететіндігі байқалады.

Айталық жас тұрғысынан қарағанда, «жастар сленгі» негізнен қала жастарының тілінде орын алатын құбылыс. Кеңестік дәуірде қала жастарының көбі негізінен орыс тілінде оқып, өзара қарым-қатынас та сол тілде жүзеге асты. Кейінгі он-он бес жыл көлемінде қалада қазақ тілді жатар көбейгеніне қарамастан, ескі дәстүр айтарлықтай өзгеріске ұшырай қойды деу қиын. Сол себептен де қаладағы қазақ жастары да негізінен орыс тіліндегі сленгтерді қолданады [5]. Мысалы, олардың тілінде жиі қолданылып жүрген *видак (видеомагнитофон), баксы (доллор), кент (дос), мотор (машина), мент (милиционер), музон (музыка), пахан (папа), базар (әңгіме), труба (ұялы телефон), ящик (телевизор), универ (университет), отвечаю (шын айтамын), тормоз (ақымақ, жынды), хата (үй), жмот (сараң)* сияқты сөздер соның дәлелі бола алады. Түрлі салалық мамандықтарға қатысты да осыны айтуға болды.

Қазақ тілінде, жастар тілінде жиі ұшырасатын «қума» (*лағып кетпе*), «ауыш» (*тентек*), «тоқылдақ» (*сөз тасушы*), «қақпайды» (*ұқпайды*), «лапша ілме» (*өтірік соқпа, ақымақ көрме*) сынды қолданыстарды «қазақша жаргондар» қатарына жатқызамыз ба, әлде бұларды қарапайым сөздер тобына қосамыз ба, ол жағы әлі айқындала қоймаған. Мұның өзінде де орыс тілінің ықпалы анық аңғарылып тұр. Бұл қолданыстардың бірқатары орыс тілінен тікелей аударылып алынған. Ал түрме қылмыскерлер тілі, ұрылар жаргоны туралы айтра болсақ, біздің халқымыздың қылмыс жасаған адамдарды қоғамнан аоқшаулап, оларға ортақ орта қалыптастырып, түрмесалмағаны белгілі.

Сондықтан да олардың өзіне тән құпия, жұмбақ тілі де қалыптаспаған. Жаргон (арго, сленг) сөздердің мардымсыз болуы, өте аз ұшырасуы да оларды арнайы зерттеудің қажеттілігін туғызбай келуі де ықтимал. Қалай болғанда да бұл мәселе бізде аз сөз болған. Түрлі лексикалық қабатты құрайтын сөздердің мағынасы арқылы берілетін ақпарат туралы сөз еткенде, осындай себептерге байланысты біз бұл топтағы сөздерге арнайы тоқталмадық. Бір нәрсенің басы ащық. Ол – *жаргон, арго, сленг* деп аталып жүрген сөздердің мағынасы арқылы берілетін ақпараттың кәсіби сөздер мен терминдер сынды белгілі бір мамандық иелерінің тілінде немесе жас мөлшері шамалас, не мүддесі ортақ адамдар тобының қарым-қатынасы кезінде қолданылатындығы. Олардың мағынасы арқылы берілетін ақпараттың шектеулілігі, жалпы көпшілікке түсінікті бола бермейтіндігі анық.

Электронды коммуникация ортасында басқа тілдерден сөздерді алудың бірқатар әлеуметтік-лингвистикалық аспектілері бар. Біріншіден, бұл ерекшелену және адам өзінің эрудициясын көрсету ниетімен байланысты болып жатады, сонымен қатар шетелдік сөздерді пайдалану ақыл-ой элиталығы мен кең аудиториядан алшақтық әсер қалдыруы мүмкін [6]. Кейбір жағдайларда бұл өзінің ана тіліндегі баламалардың көмегімен әрдайым өзге мәндерді дәлме-дәл беруілеуіне байланысты болып жатады. Алайда, үнемі кірме сөздерді қолдану мәтінді неғұрлым сапалы немесе мәнерлі етіп қоймайтынын есте сақтаған жөн. Сол себепті сөздерді мазмұны кең аудиторияға түсінікті және қолжетімді болатындай етіп таңдай білу маңызды.

Сондай-ақ маңызды аспектінің бірі - өз ойларын нақты және эмоциялық түрде білдіру мүмкіндігі. Бұл әрекет арқылы адам өзіндік эрудициясын, тіл білу мүмкіншілігін көрсетіп қана қоймай, қазақ тіліндегі сөздерді әсерлі етіп жеткізу арқылы шетел азаматтарын қызықтыра алады және де тиімді коммуникацияға оңай жол ашады. Оған қоса, коммуникацияда кірме сөздер адамның өзіндік ерекшелігін, жеке тұлғалық образын, болмысын, жеке сөйлеу мәнерін қалыптастыруға септігін тигізеді. Әсіресе, бұл құбылыс жастар арасында шығармашыл адамдарда немесе гуманитарлық бағытта жұмыс жасайтын тұлға арасында көрініс табады.

Бұдан бөлек, кірме сөздерді қолдану мәдениетаралық алмасуға және түрлі тілдер мен мәдениеттерді жақындастыруға ықпал етеді. Олар басқа елдердің жаңа түсініктеріне, идеялары мен мәдени ерекшеліктеріне қолжетімділікті арттырады, адамдарға дүниетанымдардың алуан түрлілігін жақсы түсінуге және құрметтеуге көмектеседі. Сөздерді өзге тілдерден алу жаңа нюанстар мен мәндердің реңктерін қосу арқылы тілді байыта алады. Сондықтан бұл арқылы біз

басқа тілдердің маңызын бұрмалау немесе азайту үшін емес, оларды өз тілімізбен, мәдениетімізді байыту үшін пайдалана отырып, түсіністікпен және құрметпен қарағанымыз абзал. Алайда, қарым-қатынаста шет тіл сөздерін артық пайдалану, әсіресе басқа тілдегі сөйлеушілер үшін коммуникацияны түсінуге және күрделендіруге кедергі келтіруі мүмкін екенін атап өткен жөн. Сол үшін сөздерді сіз сөйлесетін аудитория үшін түсінікті және қолжетімді болатындай етіп тандау маңызды. Көптеген жағдайларда ана тілінде дәл әрі түсінікті болатын өзгелермен ұқсас өрнектерді табуға болады.

Кірме сөздер әлеуметтік ортада жиі қолданылады, өйткені олар қарым-қатынасқа әртүрлілік пен бірегейлік қосуы мүмкін. Олар өз сөздерінің көмегімен білдіре алмайтын белгілі бір нюанстар мен мағынаның реңктерін жеткізе алады.

Алайда, әсіресе, егер әңгімелесушіде олардың мағынасы анық түсінілмесе, кірме сөздерді пайдалану кезінде абайлау қажет. Бұндай сөздерді дұрыс пайдаланбау түсінбеушілікке әкеліп соғуы немесе тіпті жанжалды жағдайлар туғызуы мүмкін.

Сондай-ақ, кірме сөздер белгілі бір мәдениетпен немесе әлеуметтік контекспен тығыз байланысты болуы мүмкін және оларды басқа адамдар сөйлеушінің нақты байланысы жоқ бір нәрсені ерекшелеуге немесе елестетуге тырысу ретінде қабылдауы мүмкін екенін ескеру қажет.

Тұтастай алғанда, әлеуметтік ортада кірме сөздерді пайдалану қарым-қатынасты байытудың пайдалы және қызықты тәсілі ретінде қолданады, бірақ олардың контексті, мағынасы және сұхбаттасушылардың ықтимал реакциялары туралы есте сақтау маңызды.

Электрондық коммуникациядағы кірме сөздер тілді байытуда және жаңа өрнектер жасауда маңызды рөл атқарады. Олар сөздік қорды кеңейтуге және ойлар мен эмоцияларды жеткізуде дәлірек болуға мүмкіндік береді. Алайда, қарызға алынған сөздер белгілі бір мәдени және қоғамдық коннотацияларды қамтуы мүмкін екенін есте сақтау қажет, сондықтан оларды пайдалану кезінде контекст пен аудиторияға назар аудару керек. Тұтастай алғанда, электрондық коммуникациядағы алынған сөздер тілді дамытудың ажырамас бөлігі болып табылады және неғұрлым тиімді қарым-қатынасқа ықпал етеді.

Барлық тілдерде кірме процесінің сөзсіз орын алуына қарамастан, ғалымдар арасында олардың енген тілге қажеттілігі туралы пікірталас әлі де жалғасуда. Кейбіреулері оны табиғи процесс деп санаса, ал басқалар шетелдік сөздердің сөйлеуде шамадан тыс қолдану тілді ластауға алып келеді деп санайды. Әрине, бұл орынды пікір. Мәселен, шет тілін менгермеген, онымен ешқашан байланысқа түспеген адам үшін, *селфи*, *лайк*, *шоппер*, *трафик*, *ретейлинг*, *флэшмоб*, *хэндмейд*, *юзер*, *коуч*, *бренд*, *тренд*, *свитшот*, *велнес* және тағы басқа осы сияқты англицизмдер түсініксіз болады.

Жоғарыда айтып кеткендей, тіл – жанды ағза, ол сорғыш тәрізді өзіңе керекті элементтерді алып, қажетсіз және функция атқармайтын элементтерден құтылады. Кірме сөздерге келетін болсақ, олардың жақсы немесе жаман екенінде сұрақ жоқ, олардың мәні мен мағынасы тындаушы мен оқырманға дұрыс жеткізілгені маңызды. Осындай сөздердің түсініктемесінің болмауы, сөздерді автоматты түрде олардың мәнін толық түсінбей қолдануға алып келеді. Шет тілі мамандығының мұғалімдерінің мақсаты контингентінің басымы жастар құрайтын жоғары оқу орынынң студенттеріне олардың сөйлеу тілінде қолданған сөздер немесе сөз тіркестерінің түпкі мәні мен неге жүгінетінін түсініп ажырата алуға мүмкіндік беру. Қорытындысында, тілдегі кірме процесі табиғи және сөзсіз, мәдени, әлеуметтік, экономикалық өзгерістер мен халықаралық ынтымақтастықтың нәтижесі. Кірме лексикасы тілдің сөздік қорын толтырады, жаңа құбылыстарды сипаттайды, қандай да бір ұғымды толық және нақты бейнелеуге көмектеседі. Шет тілі мұғалімдерінің мақсаты – студенттерге осындай құбылыстар мен ұғымдарды түсінікпен және сауатты қолдануға үйрету. Жоғарыда көрсетіліп кеткен ағылшын тілі сабақтарында заманауи англицизмдердің түпнұсқаларымен танысуға бағытталған жұмыстар мен ұқсас жаттығулар мен

мәтіндер студенттерге тек заманға сай сөйлеулеріне ғана емес, сонымен қатар, болып жатқан оқиғалардың үрдісінде болуға, білім өрісін кеңейтуге, мәдени дәрежесін көтеруге көмектеседі.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Байтұрсынұлы А. «Тіл-құрал» – Қазандағы баспалар, 1914.
2. Сыздық Р. «Сөз күдіреті»– Алматы: Атамұра, 1997.
3. Смағұлова Г. «Кірме сөздердің лексика-семантикалық ерекшеліктері» – Алматы: Қазақ университеті, 2012.
4. Бекбосынова Г. «Жаңа медиа және тілдік нормалар» – Алматы: Ғылым ордасы, 2019.
5. Мұсабекова Г. «Қазақ интернет кеңістігіндегі тілдік өзгерістер» – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
6. Өмірбекова Қ. «Цифрлық коммуникация және тілдік өзгерістер» // «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы, 2020.

ӘОЖ 811.512.122:37.0

## КОРПУСТЫҚ ЛИНГВИСТИКА: ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТ

Қайыркен Аружан Оразқызы

[kairkenaruzhan@gmail.com](mailto:kairkenaruzhan@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті Қазақ тілі мен әдебиет білім беру бағдарламасы, 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ш.Б. Саликжанова

Лингвистикалық корпус функциясы бір ғасыр уақыт бойы қалыптасып келді. Цифрландырылған уақытқа дейін сөздердің тура анықтамасын түсіну, сөздік пен лексикографияны құрастыру мақсатында, оларды контексте қарастыру жұмыстары қағазға түсіріліп, жинақталып, арнайы ұяшықтарда сақтау арқылы жүзеге асырылды. Компьютерлер шыққаннан бастап, лингвистикалық корпусардың пайда болуына алып келді.

Лингвистикалық корпусардың алғашқы нұсқаларын алдын ала цифрлық немесе алдын ала ақпараттық жазбалар деп атауға болады. Бұл жазбалар тілді жүйелі түрде зерттеуге бағытталмағанымен, тілдік мәліметтердің маңызды көзі болып табылады.

Алдын ала ақпараттық жазбалардың ішіндегі ең көп таралған түрі – діни жазбалар. Әсіресе, Інжіл мәтіндерінің корпусы кеңінен зерттелген. Бұл корпус мәтіндердің құрылымын талдау және олардың жиілік сипаттамаларын анықтау мақсатында қолданылған. Мұндай мәтіндерді талдау тілді стандарттауға, грамматикалық заңдылықтарды анықтауға және лексикалық қорды жүйелеуге көмектесті.

Інжіл мәтіндерінің корпусы тек діни мәтіндердің мазмұнын сақтаумен шектелмей, лингвистикалық зерттеулердің негізін қалыптастырып, болашақ корпус әдістеріне жол ашты. Сондықтан алдын ала цифрлық корпусар тілдің тарихи дамуын зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде қарастырылады. [1]

19 ғасырдың соңы мен 20 ғасырдың басында лингвистикалық корпусарды қолдану қажеттілігі ғылыми зерттеулердің артуымен және тілдік мәселелерді шешуге деген сұраныспен байланысты болды. Зерттеушілер сөздердің мәтіндегі қолдану жиілігін, грамматикалық заңдылықтарын және мағыналық ерекшеліктерін анықтау үшін әртүрлі мәтіндік материалдарды жинады.